

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ
ОҚУШЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН
ҚАНАҒАТТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қарағанды, 2024

ӘОЖ 376
КӨК

Рецензенттер:

А.Р.Рымханова - Академик Е. А. Бөкетов атындағы арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор

М.А.Жетписпаева - «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты» директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Құрастырушылар: **Б.Н.Бакмаганбетова** - КММ «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес» әдіскері, **У.Т.Дауыпбаева** - КМҚК «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» әдіскері, **Ж.А.Ержолова** - КММ «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес» басшысы, **Б.Д.Күмісбаева** - КММ «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес» педагог маман, **А.Н.Сакаева** - педагогика ғылымдарының кандидаты, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ педагогика факультетінің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының доценті, **О.В.Тишина** - КММ «Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес» әдіскері.

ISBN

Әдістемелік ұсынымдар инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындыларының ерекшеліктерін ашады, жалпы білім беретін мектепте психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес ұсынымдарын іске асыру жүйесін қарастырады.

Басылым психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерді, мектептің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарын, орта білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне пайдалануға ұсынылады

ISBN

ӘОЖ 376
КӨК

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
1	Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысын инклюзивті білім беру жағдайында оқуға арналған ұсынымдармен.....	6
1.1.	Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылулары немесе қиындықтары бар балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы.....	16
2	Мектептің педагогикалық кеңесінің қызметі. Орта білім беру ұйымдарындағы құжаттардың тізімі (инклюзивті, арнайы білім беру бөлігінде	18
3	Мектептің педагогикалық кеңесінің қызметі. Орта білім беру ұйымдарындағы құжаттардың тізімі (инклюзивті, арнайы білім беру бөлігінде).....	26
	Қорытынды	31
	Әдебиеттер тізімі.....	33

Кіріспе

Білім беру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Білім министрлігі арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын қорғау (бұдан әрі - ЕББҚББ), нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, педагогтардың біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарлы іс-шараларды іске асыруда. Осы бағыттағы орындалған және алдағы жұмыстардың ауқымдылығы туралы кейбір деректер келесідей: бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 7 687 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, онда 3,9 млн. жуық оқушы оқиды. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептер саны - 5285, бұл 70% құрайды. Жалпы білім беретін мектептердегі ЕББҚББ балалар саны - 55 000.

Инклюзивті білім беру бөлігінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- ЕББҚББ балаларға арнайы жағдай жасамағаны және қабылдау ережелерін бұзғаны үшін бірінші басшы жауапкершілігі күшейтілді;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде енгізілді;
- оқу процесінде ЕББҚББ балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау тұжырымдамасы енгізілді;
- халықаралық талаптарға сәйкес ЕББҚББ бар балалар санаты кеңейтілді (денсаулық жағдайына байланысты оқуда қиындықтары бар балалардан басқа, әлеуметтік, экономикалық және т.б. себептер бойынша оқуда қиындықтары бар балалар кіреді).

Инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан 5 мыңнан астам педагог өтті. ЕББҚББ бар балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерге қойылатын біліктілік талаптары жаңартылды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істегені үшін педагогтерге базалық лауазымдық жалақыдан 40% үстемеақы қарастырылған. Жоғары оқу орындарында гранттар саны артты. Мектептерде педагог-ассистент лауазымы енгізілді. ЕББҚББ бар балаларға жан басына шаққандағы қаржыландыру коэффициенті артты.

ЕББҚББ балаларды анықтау, кешенді зерттеу және оқыту 94 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер (бұдан әрі - ПМПК) қамтамасыз етеді, 210 психологиялық педагогикалық түзету кабинеті, 13 оңалту орталығы, 9 аутизм орталығы, 99 арнайы мектеп. 2025 жылға дейін ПМПК желісін 50 мың балаға шаққанда 1 ПМПК есебінен 125-ке дейін кеңейту жоспарланған.

Ғылыми-әдістемелік және практикалық қолдауды Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Академия, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, САТР орталығы, «Өрлеу» АҚ филиалдары, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асырады.

Өңірлерде инклюзивті білім беруді дамытудың бірінші кезеңі болып табылатын ПМПК білім беру ұйымдарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Сонымен қатар, педагог қызметкерлерде инклюзивті тәжірбиені енгізу және дамыту бойынша көптеген сұрақтар қалады. Сұрақтардың көп бөлігі жалпы қорытындыны түсінумен және жалпы білім беретін мектепте ПМПК ұсынымдарын кейіннен іске асырылатын қызметтерге байланысты.

Осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты-инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттары үшін ПМПК қорытындыларының ерекшеліктерін ашу, жалпы білім беретін мектепте ПМПК ұсынымдарын іске асыру мүмкіндіктерін ұсыну.

1. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы инклюзивті білім беру жағдайында оқуға арналған ұсынымдар

Инклюзивті білім берудің құндылықтары білім беру процесінің барлық қатысушыларына білім алушылардың мүмкіндіктерінің әртүрлілігін кедергілер мен мәселелер ретінде емес, қоғамдағы толерантты мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін ресурстар ретінде қарастыру керек деп мәлімдейді. Инклюзивті білім беру қағидаттарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың оқуы мен мінез-құлқындағы қиындықтарды жеңу бойынша мұғалімнің жұмысы басқа оқушыларға оң әсер етеді және білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырады. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсібилігі мен педагогикалық шеберлігі арқылы жетілдіріледі:

- оқытуда жоғары жетістіктері бар оқушыларға ғана емес, сыныптың барлық оқушыларына бағдарлана отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және іске асыру;

- тек мамандармен ғана емес (логопед-мұғалім, педагог-психолог, дефектолог - мұғалім, педагог-ассистент және т. б.) білім беру процесінің барлық қатысушылары тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қолдауды қамтамасыз ету;

- оқу процесінде оқушыларға көмектесу, мәселелерін шешуде командалық тәсілді қолдану;

- білім алушыларға қолдау көрсету және ұйымдастыру кезінде «жапсырмаларды» ілуден бас тарту.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оның ішінде ПМПК қорытындысына сәйкес табысты оқыту және дамыту мақсатында білім алу үшін арнайы жағдайлар жасауға міндетті екендігі айқындалған. Білім алу үшін арнайы жағдайлар деп оқу, сондай-ақ арнайы, жеке және түзету-дамытушы бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын арнайы шарттар түсініледі, онсыз білім беру бағдарламаларын (балалардың) меңгеруі мүмкін емес, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар, мүмкіндігі шектеулі балалар [1].

Инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық актілерге сәйкес ПМПК-те тексеру мен кеңес берудің негізгі мақсаттары әлеуметтік-педагогикалық модель шеңберінде балалардың дамуындағы бұзушылықтар мен мәселелердің сипатын анықтау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар туралы ұсыныстар беру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы ПМПК қызметінің алгоритмі мен мазмұны «инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің қызметін ұйымдастыру» басылымында егжей-тегжейлі көрсетілген [2]. Осы әдістемелік ұсыныстарда біз кейбір негізгі ойларға тоқталамыз.

ПМПК мамандары баланы кешенді медициналық (психиатриялық, неврологиялық, офтальмологиялық), психологиялық, логопедиялық және педагогикалық тексеру нәтижелері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ПМПК жалпы қорытындысын алқалы түрде қалыптастырады. ПМПК қорытындысы қажетті түзету-педагогикалық көмек пен қызметтердің көлемін қамтиды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санатына (тобына) жататындығы белгіленеді. Бірлескен алқалы талқылаудың қорытындысы:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік-педагогикалық жіктеуге сәйкес дамудың бұзылуын бағалауды қамтитын ПМПК жалпы қорытындысы.

- ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша ұсыныстар: білім беру бағдарламасының түрі, баланы мамандармен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша қызметтер (педагог-психолог, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім, педагог-ассистент және т.б.), оқыту мен бағалаудың өзгергіштігі, оқыту орнын бейімдеу және басқа да көмек пен қызметтің түрлерін қарастыру.

Сондай-ақ, баланың отбасына бірлескен кеңес беріледі, онда мамандар баланың дамуындағы бұзылулардың түрі мен сипатын баяндайды, ұсыныстарды ұсынады және түсіндіреді, ата-аналардың сұрақтарына жауап береді. Қажет болған жағдайда баланың дамуының жекелеген мәселелері бойынша мамандарға жеке кеңес беру ұсынылады.

Білім алушыларды басқа арнаулы білім беру ұйымдарына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арнайы білім беру қажеттіліктерін, белгілі бір мерзімге білім беру бағдарламасының түрін көрсете отырып, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары беріледі. Ата-аналарға білім беру ұйымын таңдау ұсынылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша ұсынымдар әзірлеу барысында ПМПК мынадай нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттарды басшылыққа алады:

1. Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, 3-т. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқыту) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары,

қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытуға құқығы бар).

2. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 Бұйрығы (2-қосымша. Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер, 9 б. Білім беру ұйымдарында ата-аналардың (заңды өкілдердің)мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту көзделген:

1) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде бейімделген жалпы білім беретін немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (үш баладан артық емес) ;

2) және (немесе) арнайы сыныптарда арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша.

3. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224бұйрығы.

4. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы. Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы.

5. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы. Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

6. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы.

7. Білім беру ұйымдарында аутизмі бар балаларды анықтау бойынша әдістемелік ұсыныстар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 28 мамырдағы №4-02-4/1435 хаты.

8. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: әдіс.ұсынымдар / И.Г. Елисеева, А.К. Ерсарина– Алматы: ҰҒПО ТП, 2019. - 96 б.


9. Инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің қызметін ұйымдастыру: әдістемелік ұсынымдар/А.К. Ерсарина– Алматы: ҰҒПОТП, 2020. - 38 б.

10. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау (деңгейлік тәсіл): әдістемелік ұсынымдар /кұраст. И.Г. Елисеева, Ж.Б. Аханова – Алматы: ҰҒПОАЖИББД, 2020. – 76 б.

10. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 102 б.

Жалпы білім беретін мектептің педагог қызметкерлеріне білім беру ұйымдарының әртүрлі түрлеріне арналған ПМПК қорытындыларын оқу және

саралай білу маңызды екенін ерекше атап өткен жөн. Мысалы, ата-аналар жалпы білім беретін мектепке психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, оңалту орталығы, арнайы мектеп немесе арнайы сынып жағдайында түзету-педагогикалық қолдау алу бойынша ұсыныстармен ПМПК қорытындысын қате ұсынуы мүмкін. Мұндай ұсыныстар жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстардан айтарлықтай ерекшеленетін арнайы білім беру ұйымдарына арналғанына назар аударамыз.



Арнайы білім беру ұйымдары- тексеру және кеңес беру, оқыту және тәрбиелеу, психофизикалық дамуы бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін құрылған ұйымдар. Арнайы білім беру ұйымдары жалпы білім беру ұйымымен ортақ міндеттерді шеше отырып, жоғалған функцияларды қалпына келтіруге бағытталған нақты міндеттерді бір уақытта орындайды.

Балаларды арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау, жіберу және ауыстыру «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысы негізінде ғана жүргізіледі. Арнайы білім беру ұйымдарына мыналар жатады: психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, оңалту орталықтары, арнайы мектепке дейінгі ұйымдар (бөбекжай, балабақшалар), арнайы мектеп ұйымдары (мектептер), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК)[3].

Арнайы білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары үшін ПМПК ұсыныстарының мысалдарын келтірейік.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері жағдайында түзету-педагогикалық көмек алу үшін ПМПК ұсынымдары (баланың қажеттіліктеріне байланысты):

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (ППТК) жағдайында іске асырылатын жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламасы бойынша кешенді психологиялық-педагогикалық көмек:

- дефектологпен;
- логопедпен;
- психологпен;
- сурдопедагогом;
- тифлопедагогпен;
- дене шынықтыру нұсқаушысымен ППТК түзету сабақтарының жоспарына сәйкес.

Арнайы мектептер, арнайы сыныптар жағдайында оқытуға арналған білім беру бағдарламасының түрі туралы ПМПК ұсынымдары:

Жеңіл (орташа) зият бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасы бойынша оқыту.

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту.

Көру қабілеті нашар (көру қабілеті нашар/зағип) балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту.

Есту қабілеті нашар (есту қабілеті нашар/естімейтін) балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту.

Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту.

Жоғарыда келтірілген ПМПК ұсынымдарының мазмұнын талдау тек арнайы білім беру ұйымдарының (психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, арнайы мектептер) және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардың мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратынын көрсетеді.

Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы, 4-тарау. Білім беру мазмұны, 19-бап. Арнайы оқу бағдарламалары:


– 1. т.1. Арнайы оқу бағдарламалары мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленеді және мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогтік кеңестер ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

– 3. т. Арнаулы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген арнаулы білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе үйде іске асырылады.

Жалпы білім беретін мектепте арнайы жағдайлар жасау бойынша ПМПК қорытындыларының мысалдарын келтірейік.

Зияты сақталған (өз жасына сай), бірақ мінез-құлық қиындықтары, сөйлеу қабілетінің бұзылуы (жалпы сөйлеу тілінің дамымауы) кезінде оқыту мен тәрбиелеу, түзету және педагогикалық қолдау бойынша ұсыныстар:

- 1) Жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу.
- 2) Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту.
- 3) Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: психологпен, логопедпен.



Жоғарыда көрсетілген қорытындыда келесі тармақтарға назар аудару керек:


– жалпы білім беру бағдарламасын игерудің сәттілігі, ең алдымен, психолог пен логопедтің топтық жұмысының тиімділігіне байланысты болады, өйткені сөйлеу тілінің даму деңгейі зейіннің еріктілігіне тікелей байланысты;

– отбасымен және мектеп мұғалімдерімен жұмыс істеудегі жалпы ұсыныстар: физикалық денсаулықты нығайтуға назар аударыңыз, күйзелісті азайту және баланың ерік жігерін ақылға қонымды талапшылдықпен тәрбиелеу;

– мұғалімдерге жалпы ұсыныстар: сабақтың мақсаттарына жетуге ынталандыру, кезең-кезеңімен күрделене түсетін нұсқауларды түсіндіру, оларды есте сақтау, сабақ барысында зейінді сақтау, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту, жүктемені мөлшерлеу, қызмет түрлерін өзгерту арқылы сабақта балаға жеке көзқарас таңыту; оқу жетістіктерін бағалаудың өзгермелілігі баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін ескеретін бағалау тапсырмаларын әзірлеумен байланысты болады.

Зияты сақталған (өз жасына сай), бірақ қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы, мінез-құлықтың бұзылуы, сөйлеу тілінің бұзылуы (спецификалық сөйлеу, коммуникативтік бұзылыстарға байланысты) кезінде оқыту мен тәрбиелеу, түзету және педагогикалық қолдау бойынша ұсыныстар:

- 1) Жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу.
- 2) Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту.
- 3) Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: психологпен, логопедпен.



Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту ерекше білім беру қажеттіліктері бар, зияты сақталған балаларға ұсынылады (көбінесе 2 және 3 топтағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға).


Оқу-тәрбие процесінде табысқа жетудің міндетті шарты психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және оқу-тәрбие процесінде жеке көзқарасты жүзеге асыру болып табылады. Зияты сақталған жағдайда балаларға дефектолог-мұғалімнің сүйемелдеуі ұсынылмайды.

Мінез-құлықтың қиындықтары мен бұзылулары кезінде педагог-психологтың сүйемелдеуі баламен түзету жұмысында (зияттың, еріктіліктің, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын, эмоционалды-мотивациялық саланы және т. б. түзету), мұғалімдер сабақтарда жоғары психикалық функцияларды түзету мен дамытуда оқу материалын пайдалану кезінде баланың мүмкіндіктері, мінез-құлық стратегияларының нұсқалары, оқытуда болатын жағымсыз мінез-құлық көріністерімен, оларды сөндіру әдістерін қолдану арқылы жұмыс жасайды. Логопед-мұғалім, ең алдымен, оқу пәндері бойынша бағдарламаны игеруге кедергі келтіретін сөйлеу тілінің дамуының бұзылыстарын жеңеді. Логопед-мұғалімнің сүйемелдеуі сөйлеу тілінің даму бұзылыстарының дәрежесі мен сипатына байланысты болады және баламен жалпы білім беру ортасында сөйлеу дағдыларын дамыту, оның отбасымен өзара әрекеттесу, сынып мұғалімдеріне оқытудың ықтимал өзгергіштігінде сөйлеу жағдайын есепке алу және оқу жетістіктерін бағалау мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетуден тұрады: тапсырмаларды бейімдеу, атап айтқанда сөздерінің грамматикалық және көп буынды сипатталу тұжырымдарын жеңілдету; апсырманы орындау кезеңін (кезең-кезеңімен) белгілейтін көп буынды қысқа бірліктерге бөлу арқылы нұсқаулықты жеңілдету; тапсырмаға жазбаша нұсқаулықтан басқа, қажет болған жағдайда оны мұғалім анық екпінмен баяу қарқынмен дауыстап оқиды; білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тапсырма мәтінін бейімдеу (үлкен қаріп, бір тапсырманы екіншісінен нақты ажырату және т.б.).

Психикалық дамудың тежелуі, мінез-құлық қиындықтары, сөйлеу тілінің бұзылуы (жалпы сөйлеу тілінің дамымауының I-II, II, II-III деңгейі, жазу мен оқудың бұзылуы) кезінде оқыту мен тәрбиелеу, түзету және педагогикалық қолдау бойынша ұсыныстар:

- 1) Жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу.
- 2) Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту.
- 3) Арнайыпсихологиялық-педагогикалыққолдау: дефектологпен,

психологпен, логопедпен.




Бұл топ - психикалық дамуы тежелген балалар дефектолог мұғалімнің міндетті сүйемелдеуімен жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу бойынша оқиды. Дефектолог мұғалімнің міндеттеріне мыналар кіреді:

мектеп бағдарламасының белгілі бір бөлімдерін игерудегі олқылықтардың орнын толтыру, оқушыға қиын оқу материалын оқуға дайындау, оқу іс-әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастыру, мұғалімдерге ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамы білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипатына байланысты өзгереді және қамтуы мүмкін: дефектолог-мұғалім, логопед-мұғалім, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сурдопедагог, тифлопедагог.

Психикалық дамудың тежелуі, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы, мінез-құлықтың бұзылуы, сөйлеу тілінің бұзылуы (спецификалық сөйлеу, коммуникативтік бұзылыстарға байланысты) кезінде оқыту мен тәрбиелеу, түзету және педагогикалық қолдау бойынша ұсыныстар:

- 1) Жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу;
- 2) Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту;
- 3) Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: педагог-ассистентпен, психологпен, дефектологпен, логопедпен;
- 4) Оқу орнын бейімдеу;
- 5) Педагогикалық қорғау режимі.



Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің ең сұранысқа ие құрамы болып табылады: мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, педагог-психолог.


2020 жылдан бастап психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамына педагог-ассистент енгізілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы, 2-бөлім. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттары, кіші бөлімі: «жалпы білім беретін мектептер» «жалпы білім беретін мектептерде педагог-ассистент лауазымы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің ұсынымы бойынша белгіленеді» [4].

Білу маңызды: егер оқушыны педагог-ассистентпен сүйемелдеу қажеттілігі мектепте анықталса, ал ПМПК қорытындысында баламен педагог-ассистентпен бірге жүруге ұсыныс көрсетілмесе, онда баланың даму ерекшеліктері мен мінез-құлқын бақылау негізінде мектеп психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі ПМПК-ке сұрау жібере алады (нақты сипатталған мінездеме және психологиялық-педагогикалық қызмет шешімімен) педагог-ассистенттің қызмет көрсетуі туралы. Бұл жағдайда ПМПК бұрын берілген қорытындыны педагог-ассистенттің баланы сүйемелдеу жөніндегі ұсыныммен толықтырылады. Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту бейімделген немесе жеке оқу бағдарламасының мазмұнына, яғни оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Бағалау бейімделуі қажет, бірақ оқушыларды «сұрыптау» құралы болмауы керек. Оқушы үшін қол жетімді және түсінікті көрсеткіштер бойынша белгіленетін объективті және тұлғалық маңызды өлшемдерді оқу жетістіктерін бағалау үшін пайдалануды көздейді; берілген көрсеткіштерге сәйкес келетін әр түрлі деңгейдегі және типтегі тапсырмаларды бағалау барысында қолдану; оқушыларға оқу жетістіктерінің жеке деңгейін нақты тандауды қамтамасыз ету және осы тандауды қолдау [5].

Зияттың бұзылуы (жеңіл, орташа), мінез-құлық қиындықтары, сөйлеу тілінің бұзылуы кезінде оқыту мен тәрбиелеу, түзету және педагогикалық қолдау бойынша ұсыныстар:

- 1) Жеке оқу бағдарламасы бойынша оқыту;
- 2) Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту;
- 3) Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектологпен, психологпен, логопедпен;
- 4) Оқытуда арнайы оқулықтарды, жұмыс дәптерлерін және оқу материалдарын пайдалану;
- 5) Педагогикалық қорғау режимі.



Зияты бұзылған (жеңіл немесе орташа) балалар жалпы білім беретін мектеп жағдайында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына бағдарланбай әзірленген жеке оқу бағдарламасы бойынша білім алады.

Жеке оқу бағдарламаларын сынып мұғалімдері әзірлейді, оқушының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, зияты бұзылған білім алушыларға арналған үлгілік арнайы оқу бағдарламалары негізінде жасалуы мүмкін.

Зияттың бұзылуымен (жеңіл, орташа), қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы, мінез-құлықтың бұзылуымен, сөйлеу тілінің бұзылуы (спецификалық сөйлеу, коммуникативтік бұзылыстарға байланысты)кезінде оқыту мен тәрбиелеу, түзету және педагогикалық қолдау бойынша ұсыныстар:

- 1) Жеке оқу бағдарламасы бойынша оқыту;
- 2) Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен критерийлерін өзгерту;
- 3) Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: педагог-ассистентпен, психологпен, дефектологпен, логопедпен;

- 4) Оқытуда арнайы оқулықтарды, жұмыс дәптерлерін және оқу материалдарын пайдалану;
- 5) Педагогикалық қорғау режимі.



Балалардың ерекше санатын мінез-құлық қиындықтары немесе бұзылныстары бар балалар құрады. Мұндай балалар психологтың, педагог-ассистенттің, сынып мұғалімдерінің де ерекше назарын талап етеді.

Педагог-психолог мұғалімдерге зияттың белгілі бір қасиетінің жетіспеушілігі, өзін-өзі реттеу ерекшеліктері, жағымсыз мінез-құлықтың мүмкін триггерлері туралы хабарлайды. Барлық педагогтардың осы баламен өзара іс-қимылының бірыңғай стратегиясын әзірлейді, педагог-ассистентті сүйемелдеу әдістерін таңдауға (жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу және түзету), сынып жетекшілерімен бірге сыныптан тыс жұмыстарды түзетеді. Баланың ұсынылған оқу бағдарламасын игеруге дайындығы және оның жалпы оқудағы жетістігі эмоционалды-мотивациялық саланы және оның отбасымен және мұғалімдермен бірлесіп жүзеге асыратын мінез-құлқын түзету педагог-психолог жұмысының нәтижелеріне байланысты. Педагог-ассистент баланың оқуда, әлеуметтенуде, коммуникацияда тұрақты оң нәтижелерге қол жеткізгенге дейін толық немесе ішінара сүйемелдеумен ұзақ немесе шектеулі уақыт бойы айқын мінез-құлық, эмоционалды және коммуникативтік қиындықтары бар білім алушымен бірге жүре алады. ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына, 9-параграфқа сәйкес педагог-ассистент ЕББҚ бар білім алушыны жалпы үлгідегі білім беру ұйымдарында ЕББҚББ сүйемелдеуді жүзеге асырады, тікелей оқу қызметі кезінде де, оқушы мектепте болған кезде, оның дербес қызметі денсаулық жағдайы бойынша шектелген барлық уақытта көмек көрсетеді[6]. Педагог-ассистент жұмысының түпкі мақсаты, қарым - қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесуі бұзылған, мінез-құлқы бұзылған балаларды ассистенттің көмегінің өз бетінше оқуға және мектепте болуға үйрету.

Жоғарыда келтірілген ПМПК қорытындыларын талдау келесі тұжырымдарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беретін мектептер инклюзивті білім беру жағдайында білім беру бағдарламаларының үш түрін іске асырады:

- ✓ жалпы білім беретін оқу бағдарламасы;
- ✓ жалпы білім беретін оқу бағдарламасын бейімдеу;
- жеке оқу бағдарламасы [7].

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы оқуда ерекше қиындықтары бар, мінез-құлық және эмоционалды мәселелері бар балаларға ұсынылады. Мұндай ерекше қиындықтар жеке оқу дағдыларын игеру кезінде көрінеді: жазу, оқу немесе санау барысында. Бұл қиындықтар, әдетте, уақытша болып табылады және мамандардың көмегі болған жағдайда жойылады.

Жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу жалпы білім беретін оқу бағдарламасын толық көлемде және мазмұнында игеруде қиындықтары бар балаларға ұсынылады, бірақ бағдарламаны бейімдеу немесе оның мазмұнын білім алушының қажеттіліктеріне бейімдеу кезінде оқуда жетістікке жетуге болады. Бейімделген оқу бағдарламасы жалпы білім беретін оқу бағдарламасы негізінде әзірленеді.

Жеке оқу бағдарламасы жалпы білім беретін оқу бағдарламасын қысқартқан жағдайда да, баланың қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген жағдайда да игере алмайтын балаларға ұсынылады. Жеке оқу бағдарламасы білім алушының жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне қарай әзірленеді. Мектепті бітіргеннен кейін түлектер БТ сериясының мемлекеттік үлгідегі аттестатын беріледі.

Осы әдістемелік ұсынымдардың бірінші бөлімінің қорытындысында **білім беру ұйымы үшін іс-әрекетке басшылық болып табылатын оқу бағдарламасының түрін, білім алуға арналған арнайы шарттарды көрсететін ПМПК қорытындысы** екенін атап өтеміз.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының топтық жұмысы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда үлкен маңызға ие. Келесі бөлім осы мәселені қарастыруға арналған.

1.1. Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылулары немесе қиындықтары бар балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы

Біздің елде және әлем бойынша қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесуінде қиындықтары немесе бұзылыстары бар балалар санының өсуі аутистік спектрлі бұзылыстары бар балалардың, сонымен қатар, зият бұзылыстары бар балалардың да жалпы білім беретін мектептерде көбеюіне әкелді. Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесуінде қиындықтары/бұзылыстары бар, сонымен бірге қосымша бұзылыстары бар балаларға сапалы білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау қажет. Мұндай балалардың арнайы білім қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы білім беру мектебінде сапалы білім алу үшін арнайы жағдайлар құрылуы тиіс.

Мұндай оқушы үшін сәтті оқыту жағдайлары құрылымы, мазмұны, әдістері және технологияларды қолдану жағынан ерекшеленеді, өйткені оның арнайы білім қажеттіліктері коммуникативтік, сенсорлық, когнитивтік, моторлық аспектілердің ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасады.

Оқушының коммуникациясы мен әлеуметтік өзара әрекеттесуінде алғашқы бұзылыстары мектеп психологының ерекше көмегін талап етеді. Мектеп психологтары тек түзету-дамыту жұмысында ғана емес, психодиагностика деңгейінде де қиындықтармен жиі кездеседі. Жалпы қабылданған, тәжірибелік психодиагностика әдістемелері аутистік спектрлі бұзылыстары және зият бұзылыстары бар балаларға қолайсыз. Әдетте, олар бақылауларға негізделген психологиялық әдістемелерді және невербальді интеллект деңгейін анықтауды қолданады. Мектеп психологының түзету-дамыту жұмысы тек осы оқушымен жұмыс жүргізумен ғана емес, педагогтар, оқушының ата-аналары, ассистент-педагогтар, мектеп әкімшілігі және ата-аналар қауымдастығының кеңес беруін қамтиды.

Жоғарыда айтылғандай, егер балада қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу қиындықтары/бұзылыстарымен қатар, тұрақты мінез-құлық бұзылыстары байқалса, педагог-ассистент көмек көрсетуге тағайындалады. Егер тұрақты мінез-құлық бұзылыстары байқалмаса, онда педагог-ассистент бұл оқушыны сүйемелдемейді. Сабақтардағы проблемалық (қалаусыз) мінез-құлықтар байқалған жағдайда, педагог-ассистент өзінің жұмысында қолданылатын әдістерге арнаулы мінез-құлықты талдау әдісін енгізеді.

Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу қиындықтары/бұзылыстары бар балалардың сөйлеуі, әдетте, ерекше сипатқа ие, оларда скандирленген сөйлеу, эхолалиялар, стандартты фразалар және коммуникативтік сөйлеу функциясының айқын бұзылыстары байқалады, кейде сөйлеу мүлде жоқ болуы мүмкін. Осыған байланысты психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандардың бірі логопед болып табылады.

Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу қиындықтары/бұзылыстары бар балалар жиі әртүрлі ауырлықтағы зияттың бұзылыстарынан зардап шегеді. Психикалық даму кідірісінен бастап, жеңіл

және орташа деңгейдегі зият бұзылыстарына дейін. Аспергер синдромы бар балалар ерекшелік болып табылады. Демек, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар балалардың арнайы білім қажеттіліктері олардың танымдық дамуын дамыту және (немесе) түзету қажеттілігін қамтиды, сондықтан мұғалім-дефектолог қызметі ерекше маңызға ие. Мұғалім-дефектологтың мақсаты – тек оқу қызметін түзету ғана емес, сонымен бірге когнитивті саланы түзету болып табылады. Орта буында мұғалім-дефектолог қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары бар, зияты бұзылған балалар үшін жеке оқу бағдарламаларын құрады.

Бұл оқушыны сүйемелдеуде негізгі тұлға педагог болып табылады. Ол психолог және дефектологпен бірге бейімделген (психикалық дамуы кідірген) немесе жеке оқу бағдарламасын (зият бұзылыстары болғанда) құрады. Оны арнайы әдістер мен тәсілдерді, оның ішінде ассистивті технологияларды қолдана отырып жүзеге асырады.

Осы оқушыны сүйемелдеудің бағдарламасы ақпаратты қабылдау мен өңдеуді, коммуникация мен өзара әрекеттесу дағдыларын, сенсорлық және моторлық дамуды, ойын және интеллектуалдық дамуды, эмоциялық және танымдық дамуды, өзіне қызмет көрсету дағдыларын және оқу дағдыларын қалыптастыруды қамтитын түзету, даму және жақсарту негізінде құрылуы тиіс.

Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу қиындықтары мен бұзылыстарында, сөйлеудің ерекше дамуы, коммуникативтік бұзылыстардың салдарынан білім беру мен тәрбие берудің, коррекциялық-педагогикалық қолдаудың ұсыныстары:

1. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш білім беру бағдарламасын бейімдеу / негізгі орта білім беру бағдарламасын бейімдеу (психикалық даму кідірісі және қалыпты психикалық даму жағдайында). Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Арнайы психолого-педагогикалық қолдау: психологпен, дефектолог, логопед.

2. Жеке оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім беру / негізгі орта білім беру (зияты бұзылған жағдайда) жалпы білім беретін мектептің оқушысы ретінде оқу. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Арнайы психолого-педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед, психолог, педагог-ассистент. Арнайы оқу құралдары, жұмыс дәптерлері және оқу материалдарын қолдану.


Мінез-құлық бұзылыстары кезінде педагог-ассистент қызметтері бір оқу жылына ұсынылады.

2. Инклюзивті білім беру жағдайында оқуға ұсынымдармен психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысын беру кезінде жалпы білім беретін мектептің педагог қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі.

2021 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына инклюзивті білім беру бөлігінде елеулі өзгерістер енгізілді. Олардың бірі-білім беру ұйымдарында іске асырылатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет ретінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұғымы, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.[1].

2022 жылы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары» (ҚР Білім және ғылым Министрлігінің № 6 бұйрығы) бекітілді, оған сәйкес мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру ұйымдарының педагогтері мен мамандарының ерекше білім беру қажеттіліктері мен ПМПК ұсынымдарын бағалау негізінде жүзеге асырылады.[8].

Мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру ұйымының Жарғысына, білім және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, ҚР БҒМ №6 бұйрығына, білім беру ұйымы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары арасындағы шартқа сәйкес іске асырылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагогтары білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.



Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды: ЕББҚ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау; педагогтар мен отбасына кеңестік -әдістемелік көмек; ЕББҚЕ балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау.


Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады:

1) мінез-құлық және эмоционалдық қиындықтармен, қолайсыз психологиялық факторлармен (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, балалар мен ата-аналардың отбасы ішіндегі қатынастары);

2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік мәдени сипаттағы кедергілермен (әлеуметтік тәуекел отбасыларынан шыққан балалардың педагогикалық немқұрайлылығы, қоғамда бейімделу қиындықтары бар балалар (босқындар, мигранттар, қандастар отбасылары);

3) даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, зият, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, психикалық дамудың кешеуілдеуі және эмоционалды-еріктік бұзылулар).

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген оқу бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту бағдарламаларын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тізімін бекітеді[8].



Мектептегі оқу бағдарламасы ПМПК ұсыныстарына толық сәйкес келуі керек. «Білім туралы» ҚР Заңының негізінде білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді [1]. Әйтпесе, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау туралы айту мүмкін емес.

Мамандар тобының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету үшін жалпы білім беретін мектептің толыққанды құрылымдық бөлімшесі болып табылатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі (бұдан әрі -ППСК) құрылады. Ол үшін мектеп басшысы қызметті құру туралы бұйрық шығарады және оның жұмыс істеуі туралы ережені бекітеді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамына: мектеп директоры, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, логопед-мұғалім, педагог-психолог, дефектолог-мұғалім, әлеуметтік педагог және т. б. кіреді. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің міндеттері, негізгі қағидаттары, ұйымдастырушылық негіздері мен мазмұны «қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді негізде мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және қолдау көрсету» әдістемелік ұсынымдарында көрсетілген[9].

ПМПК-нің білім беру бағдарламасының түрі туралы ұсыныстарын зерделегеннен кейін келесі қадам қорытындыда көрсетілген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шарттарымен, атап айтқанда сүйемелдеу мамандарының ұсынылған құрамымен таныстыру болып табылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің ең сұранысқа ие құрамы дефектолог-мұғалім, логопед-мұғалім және педагог-психолог болып табылады.

Эмоционалды-ерікті саласында айқын түрдегі бұзылулары бар балалар үшін ПМПК педагог-ассистенттің сүйемелдеуін ұсынады.

Көру қабілеті нашар (көру қабілеті нашар, зағип) балаларға тифлопедагогтың сүйемелдеуі ұсынылады.

Есту қабілеті нашар балаларға (нашар еститін, естімейтін) сурдопедагогтың сүйемелдеуі ұсынылады. Сондай-ақ, кейбір жағдайларда әлеуметтік педагогтың сүйемелдеуі ұсынылады.

Бұл кезеңде мамандардың түзету сабақтарының кестесін жасауға болады, осылайша отырыстан кейін сынып жетекшісі оны ата-анасының назарына жеткізе алады.

Осылайша, Психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу қызметінің бірінші отырысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына ерекше жағдай жасаудың алдын ала кезеңі болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың келесі кезеңінде баланың феноменологиялық тексерісі жоспарланады, яғни баланың жеке ерекшеліктерін, танымдық іс-әрекеттің сипаттамаларын, эмоционалды-ерікті саланы, өнімділікті, жеке тұлғаны анықтау, олар тек осы балаға тән және жеке түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастырған кезде ескерілуі керек.

ЕББҚЕ баланы бағалау кезеңіндегі ППСҚ жұмысының алгоритмі



Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалауды жоспарлау кезінде мамандарға арналған ПМПК ұсыныстарын ескеру қажет. Сонымен, егер қорытындыда «логопедпен сабақ» ұсынылса, логопед-мұғалім логопедиялық қорытынды бөлігінде ПМПК қорытындысымен мұқият танысады және баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің жеке тексеру кезінде қорытындыда сипатталған сөйлеу бөлігінің деңгейі мен аспектілерін анықтауға басымдық береді.

Мысалы, егер ПМПК қорытындысында «Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі» анықталса, онда логопедтің міндеттері сөйлеу тілінің

дамуының барлық аспектілерін тексеруге бағытталады. Егер қорытындыда «сөйлеудің фонематикалық дамымауы» көрсетілсе, онда логопед-мұғалім жеке тексеру барысында балаға қандай дыбыстар тобын қою керектігін нақтылайды және кеңестік көмек ретінде ата-аналар мен баланы осы дыбыстарды қою үшін қажетті жаттығулармен таныстырады.

Педагог-психологта ПМПК қорытындысына сүйемелденеді. Сонымен, егер ұсыныстарда «психологпен сабақтар» ұсынылса және көбінесе бұл «қарым-қатынас пен мінез-құлықтың бұзылуы немесе қиындықтары», «тұтығу» болса, онда тексеру кезінде мазасыздық деңгейін, отбасылық тәрбиенің ерекшеліктерін, қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу дағдыларының даму деңгейін және т. б. анықтау әдістерін баланың жасына және изияттық даму деңгейіне байланысты қолдану қажет. Мысалы, зияты бұзылған балалармен өткізілетін Филлипс сынағы баланың төмен деңгейдегі өзін бағалауы мен мазасыздық деңгейінің шынайы көрінісін бермейді. Мұндай жағдайларда проективті әдістерді қолданған жөн.



ПМПК қорытындысында баланы педагог-ассистентпен сүйемелдеу жөніндегі ұсыныс көрсетілген жағдайларда (айқын мінез-құлық, коммуникативтік және эмоционалдық мәселелер кезінде) мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуді педагог-психолог педагог-ассистентпен бірлесіп жүргізеді.

Педагог-ассистенттің ЕББҚЕ баланы бағалауы баланы үзілісте, сабақ уақытында, сыныптан тыс іс-шараларда бақылаудан, сондай-ақ ата-аналармен, педагогтармен әңгімелесуден тұрады.

Дефектолог мұғалім баланың оқу іс-әрекетінің құрылымын талдайды, оның бұзылу кезеңін анықтайды. Сонымен қатар, танымдық іс-әрекеттің күйін талдайды. Танымдық іс-әрекетті (танымдық саланы) тексеру педагог-психологпен бірлесіп жүргізілуі мүмкін.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін педагогикалық бағалау оқушының танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәні бойынша оқу жетістіктерінің деңгейін анықтауды қамтиды. Яғни, ұсынылған оқу бағдарламасын игерудегі өзекті және жақын даму аймақтары, білімдегі олқылықтарды анықтау.

Әлеуметтік педагог мүгедектігі бар баланың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын, ата-ана тәрбиесінің ерекшеліктерін, жағдайлары мен түрін, отбасының әлеуметтік сипаттамасын және т. б. тексереді.

ЕББҚЕ баланы ішкі психологиялық-педагогикалық бағалаудың мерзімдері мен шамамен жоспарын анықтағаннан кейін ППСҚ екінші отырысының күні мен уақыты тағайындалады.

Айта кету керек, ЕББҚЕ бар баланы бағалау кезеңінде баланың ата-анасының қатысуы мүмкін. Бұл, біріншіден, баламен қарым-қатынас жасайтын барлық мұғалімдер мен мамандардың ата-аналарына сауалнама жүргізуге көмектеседі. Егер балада аралас бұзылыс (басқа да) болса, ата-аналар


соматикалық, физикалық денсаулықтың ерекшеліктері, белгілі бір жағдайының ерекшеліктері туралы ақпарат бере алады. Екіншіден, ата-аналар барлық мамандармен танысады, педагогикалық ұжымның баланы оқытуға және дамытуға қызығушылығын көреді.

Келесі **жобалау кезеңінде** ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жүреді. Осы құжатты әзірлеуге Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің екінші отырысы арналды.

Екінші отырысқа психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің барлық педагогтары мен мамандарында ЕББҚЕ балалармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық бағалаудың сандық және сапалық талдауы жүргізілуі, қорытындылар тұжырымдалуы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың дамуындағы, оқуындағы және әлеуметтік бейімделуіндегі қолайсыздықтарды еңсеру бойынша міндеттер шеңбері айқындалуы тиіс. Мұғалім-дефектолог пен педагог-психологтың тексеру нәтижелері бойынша сүйемелдеу қызметінің мүшелері үшін баланың дамуының жетекші бұзылуы туралы шағын дәріс жүргізу ұсынылады.

Төменде ППСҚ **екінші** отырысын өткізудің жұмыс барысы көрсетілген:

1. Төрағаның кіріспе сөзі.
2. Баланың жетекші бұзылуы туралы шағын дәріс.
3. ЕББҚЕ баланың психологиялық-педагогикалық бағалау нәтижелерімен танысу (сынып жетекшісі, сынып мұғалімі, пән мұғалімдері, педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог- мұғалім, педагог-ассистент).
4. ЕББҚЕ баланың бағалау нәтижелерін талқылау, баланы психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын әзірлеу (білім беру және түзету компоненті).
5. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын іске асырудың уақытша шекараларын анықтау (тоқсан, жартыжылдық, оқу жылы).
6. Қажеттілік бойынша мектеп әкімшілігіне оқу-әдістемелік кешендермен (арнайы оқулықтар, құралдар және т. б.) жарақтандыру, кедергісіз орта құру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін, оның ішінде балалардың мобильділігі төмен топтары үшін (тірек-қимыл аппараты, көру, есту қабілеті бұзылған) материалдық базаны жетілдіру (арнайы жабдық) жөнінде сұрау салу).
7. Ата-аналардың сұраныстарын, оқытуға қойылатын заманауи талаптарды, баланың сапалы білім алу құқығын іске асыруды ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасының мазмұнын нақтылау.
8. Психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын талдау және түзету бойынша ППСҚ отырысын шамамен жоспарлау.



Психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушымен ғана емес, сонымен қатар оқушылар ұжымымен, баланың ата-анасымен және сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмысты қамтуы керек.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандардың лауазымдық міндеттері «педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы жеткілікті икемді болуы керек, инклюзивті білім берудің этикалық принциптеріне сәйкес келуі керек, баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, оның бұзылуының негізгі түрін ескеруі керек.

Осылайша, ППСҚ-нің екінші отырысында әрбір қатысушы мұғалім осы баланы оқыту мен дамытудың жалпы мақсаттары мен міндеттерін түсінуі керек. Жалпы мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, әр мұғалім мен маман баланы оқыту мен дамытудың «жеке» кәсіби міндеттерін қояды.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын іске асыру кезінде педагогтар мен мамандардың кәсіби өзара іс-қимылының мынадай диадалары мен триадалары мүмкін:

Педагог-психолог ↔ Мұғалім-дефектолог

Педагог-психолог ↔ Педагог-ассистент

Педагог-психолог ↔ Сынып жетекші

Мұғалім-логопед ↔ Бастауыш сынып мұғалімі

Әлеуметтік педагог ↔ Сынып жетекші


Сынып жетекші ↔ Педагог-ассистент

Мұғалім-дефектолог ↔ Сынып жетекші

Классный руководитель ↔ Пән мұғалімдері ↔ Педагог-психолог және т.б.

Шағын топтардың құрамы өзгеруі, үнемі немесе мезгіл-мезгіл өзара әрекеттесуі мүмкін. Негізгі міндет-мобильді болу және балаға қажетті әсерді икемді түрде түзету.

ЕББҚЕ оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасының компоненттері



Әрбір педагог пен маман психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының өз бөлігінде мақсатты түрде жұмыс істейді. Сонымен бірге сабақтастық пен толықтырушылық принциптері ескеріледі, бір маманның немесе мұғалімнің әсер ету бағдарламалары басқа маманның әсер ету бағдарламаларына және т. б. біртіндеп ауыса алады.

